

84(5Қаз-4Жам)
Т 93

Нурмахан Мілегенов
Энуры Қурманәлиева

Әріптер сөйлесін



29.07.13

81(54,03-11/а.1),
Т 93

Нұрмахан Тілегенов
Элнұры Құрманәлиева

ӘРІПТЕР СӨЙЛЕСІН

Бастауыш және орталау мектеп жасындағы
балаларға арналған
танымдық сипаттағы өлеңдер

О Қ Ы Д А



тоғы

Б І Л Қ

О Ы О Ы Р А З

Оқу залы

Тараз-2012

Аудандық
орталық кітапхана
(2013) 25445

УДК 821. 512. 122 - 93

ББК 84 (5 қаз) 7 - 5

Т - 93

Т 93 ӘРІПТЕР СӨЙЛЕСІН –Тілегенов Н., Құрманәлиева Э.

Тараз: 2012 –88 бет. қаз.

Педагогика ғылымдарының кандидаты Э.Құрманәлиевамен бірігіп жазған Н. Тілегеновтың бұл екінші кітабы. Кітап үш бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімде әліпби тәртібімен түзілген әріптердің әрбірі жіктеліп, дараланып, сөз құралып, сараланған. Әр әріпке құрылған танымдық сипаттағы әрбір өлең балалардың өмірді білуге деген құштарлығын арттыруды мақсат тұтқан. Мұнда әр атаудың қыры мен сырын, бітім – болмысын ашу мақсатында, олардың мән – жайын санаға ұғымды жеткізуге талпыныс жасалған.

Екінші бөлімде, жаттап алса жалықпай айтар он екі жаңылтпашқа орын берілсе, үшінші бөлімге балалардың ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтіп, олардың талапшыл қиялының шыңдала түсуіне ықпал етерлік, аздап та болса ой сергітерлік он төрт қана жұмбақ орналасқан.

Кітапты төменгі және орталау мектеп жасындағы оқушылардың ой-өрісінің шыңдалуына ықпал етерлік оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

УДК 821.512.122-93

ББК 84 (5 қаз) 7-5

ISBN 978-601-7246-30-3

Тілегенов Н., Құрманәлиева Э., 2012ж.

КІРІСПЕ СӨЗ

(Психолог ғалымның пікірі)

Тұлғаның дамуы мен қалыптасу қызметінің сипаты туралы мәселені шешкенде, ең алдымен, баланың ақыл – ойының даму деңгейін, сөйлеу мәнерін, тіл байлығын, есте сақтау деңгейін, жалпы айтқанда, танымдық іс-әрекетінің дамуын ескеру маңызды орын алады. Оның жаңа материалды меңгеруіне, қандай білім мен іскерліктерді талап ететіндігіне үнемі талдау жасап отыру қажет. Белгілі бір зат, не бір оқиғалар, жағдайлар мен іс-әрекеттер адамның белгілі бір ақыл-ой белсенділігінің түп негіздерімен байланысты болған болса, ол іс - әрекеттің себептеріне айналады. Олай болса, баланың танымдық іс-әрекетін дамыту мен ақыл – ой тәрбиесін беруде, ертеден келе жатқан қазақ халқының ауыз әдебиеті, сондай - ақ, өлеңдер мен мақал – мәтелдер, жаңылтпаштар мен шешендік сөздер, нақыл – өсиеттер мен жұмбақтар жөн сілтер алғышарт болып табылады. Осылардың барлығы баланы тапқырлыққа, шешендікке, жалпы өнерге, ойлап қиялдауға, ойын, тілін дамытуға үйрететін этнопедагогикалық туындылар.

Қазіргі таңдағы педагогтың басты міндеті - өз жерін, өз елін сүйетін, өз халқының тарихын, тілін, дәстүрін, әдет – ғұрпын білетін азамат тәрбиелеу. Сондықтан да мектеп оқушыларының дүниетанымы мен санасын осы көрсетілген бағыттарға сәйкес дамыту парыз. Оны ары қарай дамытып, өрбіту үшін халық педагогикасының тәсілдерін сабақта тәрбиемен сабақтастыра байланыстырып отырса, қазақ халқы өзінің көздеген мақсатына жетері ақиқат.

Сіздерге ұсынылып отырған, мағынасы мен мазмұны жағынан мейлінше құнды әрі ана тіліміздегі кітаптардың қатарын толықтыра алатын, бастауыш және орталау мектеп жасындағы балаларға арналған, педагогика ғылымдарының кандидаты Э.Құрманәлиева мен Н. Тілегеновтың «Әріптер сөйлесін» атты еңбектері. Мұндағы түзілген танымдық сипаттағы өлеңдер өскелең ұрпақтың өз жерін, өз елін сүйетін, өз халқының тарихын, тілін, дәстүрін, әдет – ғұрпын білетін азамат тәрбиелеуде, дүниетанымы мен санасын дамытуда ерекше орынға ие болары кәміл.



Кітаптың бірінші бөлімінде, қазақ алфавитіндегі әріптер ретіне жеке арналып құрастырылған өлең шумақтары, баланың есінде жылдам сақталатын, әрі қызықты теңеулермен жеке дараланып өрнектелген. Ол бала тілін сауатты қалыптастырумен қатар, сөздік қорын байытып кеңейтуге, сөзді дыбыстауда дауыс ырғағын реттеп, дене қимылымен (жест) ишарат білдіре білуге, ораторлық шеберлікке үйретеді. Әр әріпке арналған жеке өлеңдер ойда қалатын әсем суреттермен безендіріліп, айтылар ойды іс жүзінде шынайы байланыстырып, нақтылай түскен.

Екінші бөлімде келтірілген жаңылтпаштар арқылы тіл ширатуды, ойды жылдам қабылдауды, зейінділікті, шығармашылық қабілетті, есте сақтауды дамыту мақсатталса, үшінші бөлімде балалардың ойлау ұшқырлығының, талапшыл қиялының шыңдалып, сезімтал болуына, ой-өрісі мен дүниетанымын кеңейтетін, бейнелік әлемімен ықпал етерлік жұмбақтар топтамасы берілген.

Осындай ой – өрісті дамытатын өлеңдер, жаңылтпаштар мен жұмбақтарда келтірілген танымдық жаттығуларды пайдалану арқылы сабақты қорытындылауда өте қажет. Бұлар болса әр баланың тапсырманы жеңіл есінде сақтауына, тілінің мұқияттығына, сөйлем мен сөздердің құрылымын сауатты және дұрыс құрастыруына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушылары дамытатын танымдық жаттығуларды орындауда олардың көңіл-күйі және жеке тұлғалық эмоционалдық бағыты анықталады. Кітапты оқи отырып, жағымды эмоция арқылы бала өз ойын мазмұнды, мәнді жеткізуге үйренеді. Сондықтан да бұл кітап жеткіншектер келешегі үшін құнды болмақ.

Тараз педагогикалық институтының доценті,
психология ғылымдарының кандидаты
Тұрдалнева Шолпан Тұрсынбайқызы




Бірінші бөлім



ӘРІПТЕР СӨЙЛЕСІМ...



Әліпбиді аралап,
Жеке жіктеп даралап,
Сөз құрайық саралап.





«А», «Ә» дегенім-
АНА-ӘКЕ
(Перзент өтініші)


Айналайын мамам,
Туа сала маған
Өзге тілді емізіпсіндер.
Кірмей тұрып санам,
Өздерінді
«Мама», «папа» дегізіпсіндер.



Бүгін ұқтым:
Өзге тілге «жүгіріппін».
Жөнсіз екен
«Папа», «Мама» деп
Шүлдірлеуім,
Сөйтіп тілімізді бүлдіргенім.
Сонда, папа,
Мамам екеуің
Неге ғана мені
Қазақ тілді етпедіндер?
Өз тіліміздің бар екенін
Білмеп пе едіңдер?



Бүгіннен бастап,
Бұрынғы әдетімді тастап,
Бір жаңалық әкелейін:
Бірінді- «Ана», «Апа»,
Бірінді- «Жәке», «Әке»-дейін.
Маған қарап,
Кішкентай бөпе, інім де
Қазақша санап,
Өзінің ана тілінде
Сөйлеп өссін!
Кейі қоймас
«Қой» деп ешкім.





«Ә» дегенім – ӘТЕШ

Әтеш-тауықтың еркегі.
Жалпы атауы-қораз.

Қораз-
Қанатын қомдап,
Аузын керіп,
«Таң атты» деп,
Хабар беріп,
Ку-ка-ра-кулап
Шақыруды ұмытпайды.
Бөтен әтешті
Шоқып, қуып,
Тобына жуытпайды.





Өзі би,
Өзі қожа болуды
Ұнатады!
Солай бола тұра,
Елге таралған,
«Қамқоршы қораз» атағы!



Дамыл таппай тырмалап,
Жем іздейді.
Тапқан жемін
Бөтенге жегізбейді.
Қыт-қыттап
Шақырып,
Тобындағылардан
Қайырымын бір үзбейді.

Қамқорлық жасап,
Қайырымды болу-
Жақсының ісі.
Үлкенді сыйлау керек-
Жасы кіші.





«Б» дегенім – БОТА

Ауылдан
Ерұланның
Оралғаны дәп бүгін.
Айтып жүрген-тұрғанын,
Баса алмай жүр аптығын.

-Көмектестім атама,
Қозы-лағы көп екен.
Тандандым мен ботаға,
Моп-момақан төл екен.



Жүні ұқсайды мақтаға,
Үлбіреп тұр, үлбіреп.
Көздері үлкен, қап – қара,
Мөлдіреп тұр, мөлдіреп.
Танданады ол дағы
Мені қайдан келді деп.

Емген кезде,
Енесі
Йиді екен елжіреп.
Ұмтылды оған жеңешем,
-Сауайыншы енді,- деп...



-Танданғаным жетер,- деп,-
Байқап көрейін осы мен,
Ботаға
-Қайтер екен- деп,
Алақанымды тосып ем,
Бота
Ерінімен қолымды
Жыбырлатып қытықтады.
Енді тұрғандай көрінді
Әлденені күтіп тағы.


«Бұған не берейін»-
Дедім де, алып ұсындым
Қалтамдағы қантты.
Ол болса «жемеймін,
Жесем, мүмкін құсуым»-
Дегендей сыңай танытты.



Мұны көрген атам:
 -Ботам,
 Түйе баласы
 Түлік қой киелі.
 Тәтті қантты емес,
 Қышқылтым тікенді сүйеді.
 Түйеде өт болмайды,
 Жегенін
 Қайырған күйісі оңдайды.
 Білгенге,
 Шұбаттай сусын табылмас,
 Сүті сол шұбат болады,-деді.
 Шұбат-жұғымды, нәрлі ас,
 Ауруға- ем, қуат болады,-деді-




Сен қызыққан бұл бота —
 Төрт түліктің төресі.
 Түйелердің төлі - осы.
 Жұрттың бәрі бағалар
 Төл жетпейді бұған еш.
 Сондықтан да балалар
 Сүйкімді бұл ботаны
 Мәпелеуге тым әуес.



Атам қайдан біледі мұның бәрін,
 Бота жайлы көп жайды ұғып алдым.




«В» дегенім—
 ВАЗА
 (немеренің әңгімесі)



Вазаны мен ұнатам,
 Гүл саламын күнде мен.
 -Мұның жөн,-деп жүр
 атам,-
 Қуаныш қой — гүл деген.

Қарап тұрып гүлге бұл,
 Шарықтайды қиялым.
 Ал вазаға күнде бір
 Шынаяқ су құямын.

Онсыз шықпан далаға.
 Вазаның гүлсіз тұруы,
 Гүлдің сусыз тұруы
 Симайды еш санама.





«Г» дегенім—
ГҮЛ
(немеренің әңгімесі)


Сансыз гүл айнала,
Қаптаған сайда да.
Гүл көрсе қайда да,
Қуанбас қай бала?!

Апамның бізге де
Үлгі боп,
Ыңғайлап
Гүл егу — дағдысы.
Жаз бойы, күзде де
Құлпырып, гүл жайнап
Тұрады бақ іші.



Суарып қолменен,
Атыздап нәр берем.
Дегдітіп, қопсытсаң,
Гүл өсер сәнменен.

Құлпырған гүлдердің
Тамаша иісі!
Гүл - шаттық білгенім,
Риза үй-іші.




«Ф» дегенім—
ҒИБАДАТ
(немеренің әңгімесі)



-Ғибадат. Ол не деген? —
Деп сұрады немерем.
Түсіндірдім бәрін мен,
Жауап бердім сабырмен:

- Ғибадат — діни парыз!
Мұсылман болу үшін нағыз-
Дінді мойындау,
Қиындыққа мойымау.
Барға ырза боп,
Шүкіршілік ету.
Жаратқан иеге
Құлшылық ету.



Бес парызды өтеу.
Яғни: *Иманды болу;*
Намаз оқу;
Ораза тұту;
Зекет беру;
Қажыға бару,—
Деп сараладым.
Ары, бара алмадым...

Немерем:
- Мен де кейін
Сіздей мұсылман болам, -
деді.
Мен:
- Дегеніңе жет, балам, - дедім.



«Д» дегенім— ДОП

(немересінің әңгімесі
және ата тілегі)

Қызық қой доп деген,
Түрі бар көптеген.
Аяқ доп, су добы...
Ойнаймыз күнде оны.
Ойнауға ыңғайлы,
Сәл тисең — зырлайды.

Былғары, ғажап доп,
Тебеміз жақ-жақ боп.

Баскетбол-қол добы,
Соққылап жерге оны,
Әуеге лақтырып,
Түсірсек торына,
Жүреміз шат күліп.


Сондықтан бүгін біз
Шыныққан шымырмыз.



Үлкен доп, кіші доп,
Ойнайтын кісі көп.
Доп ойнап жүргеннің,
Білемін, күші көп.

Арманың «батырды»
Қасыма шақырдым.
Иіскеп маңдайдан,
Тілектес боп жатырмын:


Қанатың талмасын!
Қиялың шарласын.
Жамандық болмасын!
Бір Алла қолдасын!




Аудандық
орталық кітапхана
(2013) 25445

«Е» дегенім—
ЕСЕК
(Атасының әңгімесі)


Тағы да бір жаңалық:
Туғаннан қалалық
Тұңғыш келген ауылға
Немеремді жаныма
Шақырып алдым да,-
Келді де сынап көргім,
Мынандай сұрақ бердім:
-Басы үлкен,
Қуатты,
Мына ұзын құлақты
Жануарды білесің бе?
Мінгізейін,
Мінесің бе?-
Деп, есекті нұсқап едім,
Немерем
Қолымнан ұстап менің:
-Білемін, ата, білемін,
Мінгізсеңіз,
Мінемін.
Мұны жұрт «есек» дейді,



Өзін арам,
Күшін адал деп есептейді.
Тауға ыңғайлы көлік дейді,
Баласын «қодық» дейді.
Айғырын «әңгі» дейді,
Керемет әлді дейді.
Мақтамайды бекер оны,
Бес бала мінгессе де көтереді.
Тағы да бір айтарым:
«Тайқар» дейді байталын,-
Деп, немерем тақылдап тұр.




«Қалаға жиі барып тұратын,
Ұзақ қайтпай зарықтыратын
Үйреткен-ау кемпірім,»-
Деп танданып мен тұрмын.





«Ё» дегенім- ЁЛКА

Менің білерім:
Ё-дан басталатын
Орыс сөзі - ёлка.
Қазақша атауы-шырша.
Шырша-
Жаңа жылға тән келеді.
Жаңа жылды қарсы алуда,
Ерекше сән береді.
Шыршаға түрлі ойыншық,
Әр түсті шамдарды ілуді,
Бала біткен жөн көреді.
Шамдардың
Бір тобы жанып,
Бір тобы сөніп,
Құбылып тұрса,
Олар шат күйге енеді.




Шырша-
Ақ мамықтай-
Ақша қары және
Ақ сақалды
Аяз Атасымен сәнді.
Олардың құттықтау сөзі
Әр кім үшін мәнді!
Әкелген силықтары,
Жүректерге шаттық силап,
Шын жылытар жанды.



«Ж» дегенім- ЖАҢБЫР (немересінің әні)

Жау, жаңбыр!
Жау, жаңбыр!
Құлпырар,
Жаусан, гүл.
Күркіреп,
Нөсерлет!
Дүркіреп
Өсер шөп.
Нәр алсын
Сай, сала.
Жаңарсын
Айнала!
Менің де
Төбеме,
Ерінбе,
Себеле.
Өссінші қалың боп,
Шашыма дәру боп.
Өзім де тез өссем
деп едім,
Сұрама себебін.




«З» дегенім- ЗООПАРК

(Немересі мен атасының әңгімесі)

- Зоопаркке
Бір жолы
Мені апарған ата-анам.
Ал, аташым,
Бұл жолы
Мен сізді ертіп апарам.

Көресіз ғой соңынан,
Автобустар өте көп.
Адаспайсыз
Қолымнан
Жүрсеңіз тек жетелеп.



-Айналайын сөзіңнен,
Жүріп ылғи жаныңда,
Қайда болсын
Өзіңмен
Дайынмын мен баруға.

Ал, зоопарк деген не?
Білесің бе? Мәні не?
Қазақша айтқың келгенде,
«Хайуанаттар бағы» де.

Қай тілді де алтын де,
Сақта, бірақ, тәртібін.
Сөйлесең де қай тілде,
Таза сөйле, алтыным.

-Бір түсінбей тұрғаным:
«Хайуанаттың» мәні не?
-Түсіндірем,
Тыңдағын,
Бармай-ақ мен әріге.

Айғыр, бие, құнаның,
Дөнен, байтал, тай, құлын...
Бір сөзбенен атауы:
Жылқы деген- бұлардың.

Өстіп сұрап
Сен енді
Көп білгенің жөн, ұлым.
Хайуанаттар дегенді
Жан-жануар деп ұғын.

Жылқы, түйе, қой, ешкі.
Қабаның да - хайуан.
Арқар, бұғы, тауешкі,
Маралың да – хайуан.


Арыстандай айбатты
Жыртқышың да – хайуан.



Қасқырлардай қайратты
Ит – құсың да – хайуан.

Қасқыр тектес не түрлі
Дұшпаның да – хайуан.
Тоты, тауық секілді
Құстарың да – хайуан.

Қолтырауын, керігің,
Жыланың да – хайуан.
Ақбөкен мен елігің,
Құланың да – хайуан.



Жер бетінің
Кез келген
Жануары – хайуан.
Шіркейлерден өзгенің
Бәрі – бәрі – хайуан.

«Хайуанаттар» дегенің –
Жалпы атауы бәрінің.
Мәнін енді сен оның
Ұғып алдың, жарығым!

Қиялыңмен
Әлемді
Шарламай-ақ тағы да,
Бастай бергін ал енді
Хайуанаттар бағына.

«И» дегенің- ИНКУБАТОР




(Немересі мен атасының әңгімесі)

Атасының аулына
Немересі келген-ді.
Жиналған тез жанына
Шөжелерді көрді енді.

«Қуанды ма, о несі?»-
Деп оларға танданды.
Ертіп жүрер енесі
Жоқ екенін аңғарды.

-Өздері-ақ жүр, о несі,
Қайда енесі бұлардың?
-Тауық емес енесі,
Инкубатор, шырағым.

-Инкубатор деген не?
-Жүр, түсейік төменге...




-Инкубатор дегенің
Мына құрал, қарағым.
Кел, бері кел! Бөгелме!
Зейін қойып қарағын...

Жұмыртқа әкеп болған соң,
Салады екен ішіне.
Электр ток содан соң
Енеді екен күшіне.

Шамдары оның жарқырап
Төгеді екен жылуын.
Тұрады екен бақылап,
Балапандар шығуын.

Отауларын талқандап,
Жұрттан жем, су сұрай ма,
Балапандар талтандап,
Шығады екен бір айда.




«Й» дегенің— ЙОД

Апамнан сұрап та алғам,
Йод, бұл бағалы екен.
Тек тұзды йодталған
Асқа апам салады екен.

Себебі,
Йод деген
Ағзаға керек екен.
Бұл йод жүрекке де ем,
Маңызы терең екен.

Бір жолы,
Ат жасап қамысты,
Үдетіп «шабысты»
Сүрініп құлап,
Қамыс тіліп,
Қолымды сәл қанатқан.
Сонда апам таныстырып,
Мақтамен соны жаратқан.





«К» дегенің— КИНО



Кино деген... Бұл өнер,
Ал өнерді сүйеді ел.

Киноқұмар тіпті інім,
Көретіні — мультфильм.

Кенелтетін білімге
Кім тәнті емес фильмге.

Айтары жоқ киноның
Өнегесі аз емес.
Өкінері бірақ та,
Кейбіреуі мәз емес.



Олай дейтінім,
Киноның сол жаманы,
Кей-кейдегі экраннан
Көрсеткендері анайы.



Экранға емініп,
Кино көріп телміріп,
Үлкендермен бірге сен
Отырғанда бірде сен,
Әдепсіздік көрінсе,
Қайту керек сеніңше?...

Көзді қолмен жабасың,
Қысылған боп қаласың,
Өйткені сен баласың.



Айыбы осы бір ғана,
Ұялтпаса, шіркін-ай,
Не жетеді киноға?!



«Қ» дегенің— ҚАМШЫ

-Есті болғың келе ме,
Көп білуге құмарсың.
«Қамшы деген немене?» -
Деп ендеше сұрарсың.

Қамшы — аттылы адамның
Қолындағы құралы.
Аттың қырсық, шабанын
Соныменен ұрады.



«Ұрады» емес,
Дұрысы —
«Қамшылайды» деген жөн.
«Қалай деме мұнысы?»
«Тез түсінсін», - деп ем мен.


Ата еңбегін ақтады
Бәйгеде озып Мәди кеп.
Сәйгүлігін мақтады
«Қамшы салдырмады», - деп.

Салса егер ақылға,
Болса бала есі бар,
Ұшқан құстай атына
Қамшы салып несі бар?

«Бауырын ол жазды кеп,
Қуғандай нақ жебені.
Қамшылауға мәжбүрлеп
Әуре етпеді» дегені.

Бабаларға
Сайыста
Қару болған бұл қамшы.
Қалғып кеткен намысқа
Жану болған бұл қамшы.

Жүректерге орныққан
Қамшы-құрал киелі.
Бұл құралды сондықтан
Әрбір қазақ сүйеді.






«Л» дегенің – ЛАҚ

Тастан-тасқа секірген
Ешкі төлі лақты
Туа сап тез жетілген
Төл демей гөр қуатты.

Арқасында қуаттың
Жартасқа да шығады.
Пысығын-ай лақтың,
Лақ маған ұнады.

Біліп қой!
Еркек лақ –
алты айда
Лақ аты жойылып,
Теке аталады.
Ұрғашы лақ –
Бір жасында
лақтап,
Шыбыш атанады.



«М» дегенің – МАШИНА

Көшеге көп жүгірем
Машиналар самсаған.
Олардың түр-түрімен
Зымырап жүр қанша адам?!



Жүрсін қырғи боп ұшып,
Керегі жоқ бұлардың.
Ойнайтұғын ойыншық
Машинаға құмармын.



«Машинаның» бір түрін
Алдыртамын анама.
Ал бір емес, түр-түрін
Алдыртамын ағама.


Маған сыйға тартудан
Апам да сырт қалмайды.
«Айналдым», - деп, - алтыннан,
Атам да сырт қалмайды.

Зауқым жоқ жай затқа онша,
Машиналар жетеді.
Тағы бірі тап болса,
Қолым қышып кетеді.



Жасады деп бұлай кім,
Ішін бірден ақтарам.
Шашып қайта құраймын,
Үйге сонсоң мақтанам.

Қош көр, мейлі қош көрме,
Әлі көбін сынармын.
Ал өскенде,
Өскенде
Шын машина құрармын...



Жұрттың ойы жетпеген
Білімді боп алармын.
Түрлі-түрлі
Көптеген
Машина ойлап табармын.



«Н» дегенім – НАҒАШЫ

Бірде менен бөлем,
Қалқайып құлағы:
-Нағашы деген
Не зат? – деп сұрады.

-Нағашы деген зат емес,
Ой, мақау!
Ол адамның да аты емес,
Туыстық атау.



Мысалы:
Бері қарашы,
Анаңның әкесі
Қанат та,
Анаңның анасы
Жанат та,
Олардың бала-шағасы-
Бәрі саған нағашы.

Ал енді
Кімді айтасын
нағашым деп?
-Нағашым көп:
Қанат ата – нағашы,
Жанат апа – нағашы.
Олардың баласы

Алмат та – нағашы,
Талғат та – нағашы,
Нағашы және Омар,- деп,
Ол шұбырта жөнелді.....
Бөлем зерек болар деп,
Жүрегім
Қуанышқа кенелді.

«Н» - әрпінің хикаясы

Осы сен неге
Дұрыс сөйлей білмейсің.

-Сенделме.

-Сенделмесем,

Н-ды, неге Н-ы дейсің?

Ал ендеше атың кім?

-Жаныл.

-Қатырдың.

Онда ұғып ал!

Н-ды айтудың

Мынандай сыры бар:

Тіліңнің ұшын

Тандайыңа тіре!

Тіре де, Ны – де.

-Ны.

-Дұрыс айттың мұны.

Ал енді тіліңнің ортасын

Тандайыңа тақа!

Н- деп, мына әріпті ата!

(Көрсетеді)

-Ың.

-Дұрыс шықты мұның.

Енді жаң-ғақ де.

-Жаң-ғақ.

-Қаң-бақ де.

Н

Н

Н

– Қаң – бақ.

– Жаң – быр де.

– Жаң – быр.

– Жаң – ыл де.

– Жаң – ыл.

– Шаң – ғы де.

– Шаң – ғы.

– Ұмытпа енді мәңгі.

Н-ды айту оңай ма екен?

– Оңай екен.

– Солай ма екен?

– Солай екен.

«О» дегенім – ОЙМАҚ

- Оймақ деген не?

-Оймақ, оймақ...

Көрейін ойлап.

Мысалы:

Оюды сырмақ үшін

Көршінің қызы оймақ.

Өзеннен су алу үшін

Женгесі мұз оймақ.

Тапқаным ойлап:

Осы қос оймақ.


-Әуреге сен түстің құр,

Қос оймағың да – іс, қимыл.

Мен сұраған оймақ – зат,

Ал, енді ойлап тап.

-Білмеппін бұл туралы...



-Ісмердің құралы.

Саусағына киеді,

Итереді инені,

Сөйтіп киім тігеді.

Сонда

Қолға ине кірмейді.

-Оны кім білмейді,


Ойымда еді бұл менің.

-Естілігің – білгенің.




«Ө» дегенім— ӨРТ


-Өрт деген не, ағатай?
-Әй, Самат – ай,
Сұрайды екенсің қайдағыны.
Өрт дегенің –
Кішкентай оттың
Алапат отқа айналуы.
Өрт қаупі сақталмаса,
Өртеніп жататын
Ормандар мен бақтар қанша?!
Өртеніп бар аңы
Жәндік біткен
Қынадай қырылып,
Тұра алмай қалады.
Ал ағаштар күлге айналады...
Кейде үйлер өртеніп,
Үйдегілер көз алдында жанады.



-Жауыз көп пе өмірде,
Өрт деген бұл қайдан шығады?
-Ол дегенің көбінде
Иесі құнтсыз жайдан шығады.
Қазір айтып берейін
Тағы да бір себебін.
Бірде құрбы, достары
Бибінұр деген қызға соғыпты.



Ондағы ойлары:
Қорасында от жағып
ойнамақ болыпты.
-Анам шықса кейиді,
Жауып қояйын мен үйді,-
Деп Бибінұр есікті
Сыртынан құлыптап бөсіпті:
-Енді апам келмейді, -
Отымызды көрмейді, -
Деп, от жағыпты.
Ал қыздар болса,
Қасына топтаныпты.
От лапылдағанда,
Қуанып, ураласыпты.
Жалын қамыс қораның
Қабырғасына жақындағанда,
Сыртқа шығып,
тұра қашыпты.
Сөйтіп, қора ғана емес,
Оған жапсарлас
Үй де өртеніп кетіпті.
Бибінұрдың анасы
Бірге өртеніп кетіпті...



Әлде шын,
Әлде жұрттың өсегі,
«Ойыннан өрт шығады»
Деген сөз
Содан қалыпты деседі.

Балалар болмай ақымақ,
Осыны ұқса, мақұл – ақ.



«П» дегенім –

ПАЙДА



«Пайда» сөзі бүгінде
Айтылады ұрандай.
Құмартқанмен білуге,
Жүрдім оны біле алмай.

Босқа топас болмайын,
Қалмайын деп қатардан,
Бірде сұрап ол жайын,
Біліп алдым атамнан.

-Жүз мың теңге, жарығым,
Болған еді қолыңда.
Жұмсап соның барлығын,
Бидай ектің 50 га.

Бітік шығып егінің,
Жинап – тернеп, өнімін
Саттың.
Сонда өсті көңілің,
150 мың теңге таптың.

Есептесен, жарығым,
Осындағы айырым –
Елу мың пайда.
Міне, пайда қайда?! –



Міне, осылай деді атам,
Мысалменен жай ғана.
Сөйтіп, болып мен аң-таң,
Батып қалдым пайдаға.


Ұққан болсаң сен бұдан,
Қайткенде де ұмытпа!
Үнемді жұмсап шығынды
Пайда табу еселеп,
Нарық талабы бүгінгі.




«Р» дегенім – РЕНТАБЕЛЬДІК

-Былай етші сен енді,
Мықты болсаң, балам.
Рентабельдік дегенді
Түсіндірші маған.

Немересі атасының өзінен,
Түсінгенін қайталады.
Оның әрбір сөзінен
Зеректігі байқалады:
-Ол ма? Ол деген –
Экономикалық ұғым.
Табыс емес көлденең,
Сонда да
Пайдасы зор мұның.



Не екенін енді оның
Түсіндіріп көрсем, -
Шығындағы әр теңгенің
Келтірген пайдасын
Көрсететін өлшем.




Келтірмесем мысал,
Ойым желге ұшар.
Есеп былай біздің:
Жұмсағаның – жүз мың,
Пайдаң да – жүз мың.

Яғни шығындағы әрбір теңге,
Есептесек енді,
Бір теңгеден елге
Пайда алып келді.

Рентабельдік нағыз!
Көрсеткіш – жүз пайыз.
Аспандатар айға
Өте жақсы пайда!

Өскенде
Рентабельді
Қожалық құрсам, шіркін!...
Көркейтіп мен ауылды,
Майлар ем жұрттың мұртын.



«С» дегенім- САРШҰНАҚ

Саршұнақ:

Дене тұрқы қысқа,
Ін қазуға ұста.
Жүні қалың, жұмсақ.
Бақылауды бір сәт
Ұмытпайтын тым сақ! —
Қырағы көзді тышқан.



Оның,
Алдыңғы аяғы,
Төрт башайлы.
Артқысы бес башайлы.
Әрекеттерді көбінде,
Ұзындау
Артқы аяқтарымен
жасайды.

Қорегін іздеп тынымсыз
Қыстай ұйықтап азады.
Бірақ оның,
Дәнге сұғанақтығы
Әкелер біраз залалды.



Саршұнақ жаздай дән жейді.
Кездеспесе таза дән,
Лажсыз тамақ етеді,
Жусан мен алаботаны.




Сондықтан да,
Саршұнақ-зиянкес
атанған.
Көбейтпеу үшін оны,
Дәрілеп, улап,
Жойып отырады
қатардан.

«Т» дегенім — ТҮЙЕ

-«Б» әрпін оқып,
Ботаменен таныстың,
Енді жалпы
Түйеменен танысқын.
-Тіпті дұрыс,
Керек десең,
Түйе атауын атаудан
Келеді менің жарысқым.
-Жарыссак, жарысайық.
Жеңімпазға жеңген
Ойлайсың не лайық?
-Жеңімпазға менімше,
доп лайық.
-Келістік онда.
Баста!
-Тфу — тфу саспайын.
Сөздің басын,
Түйе атасы —
Ойсылқарадан бастайын.
Түйе — сордан деген.
Тыңда мені, әрмен.
Қайткенде де,
Намысты қолдан бермен.
Түйме такқан — түйенің
Атауын мен білемін.
Шұбыртқанда шетінен,




«Тоқтамасын» жүрегін!
 Түйенің екі түрі бар:
 Нар түйе – жалғыз өркеш,
 Айыр түйе – қос өркеш.
 -Дұрыс айттың, өркеш.
 -Жіктер болсам:
 Аруана - жалғыз өркеш,
 Мая деп те атайды.
 Тұмса - бірінші тумасы.
 Болмайды оның шудасы.
 Қос өркешті – інген,
 Оны жөн білген.
 Бес жасары – інгенше.
 Бұлар бәрі – аналық.
 Түйе төлі – бота,
 Оны өзің де білесің.
 Аруана төлін өзгеше,
 нарбота дейді.
 Екі жасқа дейін – тайлақ.
 Жас мал жылма-жыл өседі.
 Жыл өткенде ұрғашысы:
 Құнаншадан
 дөненшеге өтеді.
 Төрт жаста:
 Ұрғашысы - тығыршын,
 Еркегі – жас буыршын
 аттарын алады.
 Пішпесі – соқтан,
 Ақталған кексесі – атан.



Бес жасары –
 Атанша болып қалады.
 Үлек - жалғыз өркештің,
 Бура - айыр өркештің,
 Біліп ал, аталықтары.
 -Таңғалам, шыным!
 Қалай ойында? Осының бәрі!
 -Тыңда, әрі:
 Шау түйе – кәрі түйе.
 Желмая – жалғыз өркеш-
 Аттай шабар нән түйе.
 Түйе буданы өте көп:
 Қоспак, ләкір, кезнар...-
 Осылай кете береді...
 Көзің жетті ме?
 Жарысып енді не қыласың?
 -Біледі екенсің! Жеңдің!
 Уәдеміз – уәде!
 Добым міне, бердім.
 -Жоқ, Ұят қой!
 Добыңды алмаймын.
 Оданда, өткендегідей
 Арқаңа мінуді жалғаймын.
 -Мін! Онда...

*Киелі, маңғаз түйені,
 Бала біткен біледі
 Шұбаты сусын, еті ем.
 Келеден көріп жүреді.*





«У» дегенің – УӘДЕ

Уәде деген – серт!
Сертті ұмығу – дерт!

Уәде бұзу –
Ездік.
Уәдеде тұру –
Ерлік.

Уәде – ауызбіршілік.
Уәде – адамгершілік.
Уәделер бұлжымаса,
Мейірленер тіршілік.

Ұрынбай өмірде
Көпірме – дертке
Берік болған жөн,
Уәде – сертке!



«Ұ» дегенім – ҰРШЫҚ

Ұршық деген – біл, інім,
Жіп иіру құралы.
Іс – тірліктен атқарған,
Қасиетін ұғады.

Талай тәлім аласың,
Білімге енжар болмасаң.
Таң – тамаша қаласың,
Ерте кезді ойласаң.



Апа, әжелер көрікті
Көз алдына келеді.
Бәрі олардың болыпты
Жіп иіру шебері.

Сол шеберлер қолымен
Жіп иірген бұл ұршық.
Бабаларды сонымен
Киіндірген бұл ұршық.

Қой-ешкінің жүнінен
Салмақ салмай біреуге,
Өзі иірген жібінен
Тоқып ілген кілем де.

Қой-ешкінің жүнінен
Қандай түрін қаласа,
Өзі иірген жібінен
Тоқып салған алаша.

Талай адам әлі де
Рахатын көріп жүр
Жіп иіріп бізге әжем,
Байпақ тоқып беріп жүр.


Білмесең сен, біл оны,
Көріп таныс суреттен.
Ұршыққа бұл киелі
Бас иген жөн құрметпен.



«Ү» дегенің – ҮШЕМ

Бірге туған үш төлді
«Үшем» деп атайды.
Үшем туғандар,
Біліп қой, -
Тұқым қуалайды.

Қой мен ешкі егіз түлік.
Бірақ бабалар:
«Есің кетсе ешкі бақ» -
Деп ешкінің өсімталдығын
айтқан ғой біліп.



Сондықтан да жұрт,
Ешкіні мақтайды:
«Байлығыңды үстеуге
Жаксы, - деп, -
Ол лақтайды
Егіз тұрмақ үштен де».

Елеместен тұсақты,
«Қанша пайда түсер деп,
Бірге туған үш лақты,
Аялайды «үшем» деп.

«Ф» дегенің – ФЕРМЕР

Қоныстанған жерге бұл
Өзгеше бір ауылмыз.
Жиналғандар бейне бір
Ағайынбыз, бауырмыз.

Мұнда бәрі өнеді,
Іскер әр үй, әр адам.
Көкөніс те егеді,
Тасымайды қаладан.

Өзгеше көп ауылдан,
Мұндағы өмір – бір аңыз.
Жаңа үлгімен салынған
Сәнді үйлерде тұрамыз.

Шарбақтар да әдемі,
Бәрі лайық мақтауға.
Жеміс біткен мәуелі
Тұрады өсіп бақтарда.

Қызу еңбек қайнаған
Аулымыздың сыртында.
Қызық думан айналаң,
Күні бойы жұрт мұнда.



Айналада машина
Тракторлар самсаған.
Барлығы іс басында,
Іс басында барша адам.

Өзгеше бұл ауылдың
Жер қайысқан малы бар.
Байлығы бұл қауымның,
Төрт түліктің бәрі бар.

Жайылымда жүр өріп,
Сәнге бөлеп өрісін.
Арпа, бидай, дән егіп,
Жинайды оны жем үшін.

Шөп шабылып ертеден,
Мая – мая үйілген.
Көрген адам оларды,
Таңдай қағып сүйінген.


Жүрміз демей жырақта,
Қарық боламыз уызға.
Дайындаймыз шұбат та,
Ашытамыз қымыз да.

Сиырлар да сауылып,
Сүт бұлақтай ағады.
Тиеп оны машина,
Бетке алады қаланы.




Қой – ешкілер жиылып,
Қырқылған жүн қандай көп!
Жүн буылып – түйіліп,
Үйіледі таудай боп.

Қоралар көп
Малдарды
Семіртуге арналған.
Ет тасуға
Арнаулы
Машиналар қамданған.



Бұл өнімдер қалаға
Жатады ылғи жол тартып.
Сіңіп қалған санаға
Бұзылмайды сол тәртіп.

-Еселі еңбек дұрыс деп,
Іскерлердің тапқаны
Аулымызға кіріс боп
Жөңкіп кіріп жатқаны.



Басқаратын ағамыз –
Аулымыздың жүрегі.
Ал біз үлгі аламыз
Ағамыздан үнемі.


Менің ойға түйгенім –
Жақсы іс үлгі болады.

Сондықтан да үлгерім
Бізде ылғи жоғары.

Сабақтан соң көбіміз
Ойнап қана қоймаймыз.
Босай қалса қолымыз,
Төлдер қамын ойлаймыз.


Шөлмекпен сүт емізіп,
«Сүзісіп» те ойнаймыз.
Кейде қант жегізіп,
Асыр сап той тойлаймыз.

Ағай шалқып жүр бүгін,
Атайды жұрт «фермер» деп.
Ағаның іс – тірлігін
Іздеп келіп көрген көп.



Қадірлейсің көргенің,
Әр кез аға көңілді.
Фермер болдың,
Еңбегің
Болу керек өнімді.


Көп оқиды бұл үшін,
Ағай бейне ғұлама.
Аулымыздың ырысын
Тасқындатып жүр аға.



«Х» дегенім – ХАТ – ХАБАР

Адамдар бір - бірімен
Ертеде хат жазысқан.
Ұғысады бүгінде
Қалтафоннан, дауыстан.


Кітап сынды ғажайып
Шығарма ғой хат деген.
Хат жазысу
Азайып
Бара жатыр, әттеген!





h – әрпі
(түсіндірме)

h – әрпін
айтқанда
Дауыста
діріл болмайды.
Сондықтан ол,
Ызың дыбысқа жатады.



h – әрпінен
Басталатын сөз
Өте аз.

Мысалы:

Һайям – кәдімгі
Омар Һайям.
Һарун Ар-Рашид,
Һижра, Һәуіз.




Сөз арасында:
«Аһ, уһ, еһе, аһа»
Деген
Одағайлар кездессе,
Шығыс тілдерінен енген:
«Каһарман,
гауһар, жауһар, шаһар»
сөздерін
сол әріп бар
сөздерге апар.



«Ц» - ЦЕМЕНТИҢ ТЕКТИ ҰНТАҚ

Сүйсінткен соң күшігім,
Цемент әкеп бірде мен,
Жасайын деп мүсінін,
Балшық етіп илегем.



Сонсоң кеткем
Өндеуге
Келермін деп айналып.
Бірақ қайтып келгенде,
Тұрып қалдым танданып.

Жұмсақ болып ол мүлде
Иленгені анық-ты.
Сөйтсем,
Тартып тегіне,
Қайта тас боп қалыпты.

Өртеп тастың керегін,
Уатса, цемент демес пе?
Цементтің
Тас дегенің
Сонда тегі емес пе?



Сондықтан да ол сіңбек
Қажеті көп тұрмысқа.
Тастай берік болсын деп,
Жегеді оны құрылысқа.



«Ч» дегенің – ЧЕМПИОН


Талай белден өтискен
Ақылдасып құрбыммен,
Мектебімде бокспен
Шұғылданып жүрмін мен.

Шаттанам жұрт тамсанса,
Шығып жүрмін қияға.
Бір жылдары қарсы алса
Мені Олимпиада!

Рингте – қоршауда
Құм қапшықты қатты ұрам.
Әлі титтей болсам да
Жан аямай жаттығам.

Ерінбеймін бұған түк,
Өсуді ойлап енгігем.
Елімізді қуантып,
Болсам деймін чемпион.

Қайрат – жігер ісін,
Төзім, әдіс – күшің –
Жаттығумен ғана,
Табыс келер. Түсін!



«Ш» дегенің – ШАБДАЛЫ


Біздің бақта
Мәуенің
Небір түрі өседі.
Жеп көрген жұрт:
«Бәрі оның
Тәтті екен» деседі.

Бәрі дәмді жеу үшін,
Ұнатам да алманы.
Бірақ...бірақ мен үшін
Ең тәттісі – шабдалы.

Осындай шырын жеміс.
Өседі – сүйегінен.
Өсірдім өзім қолдап,
Содан да білемін мен.

Етженді шабдалыны,
Жеген соң, мейір қанып,
Сүйегін кептіріп ап,
Қойғанмын орап салып.

Қыс түспей сүйек ектім,
Сымменен қоршадым да.
Көктемде көктеп шықты.
Көруден шаршаймын ба?!




Көктемде, үшінші жыл,
Гүлдеді бірі қалмай.
Сол жылы, жеміс жедік,
Шіркіннің шырынын-ай!



«Щ» дегенім
қос Ш ғой

Бұл асты да ішкенің
Жөн болады сен кейде.
Келгенімен «щи» дегің,
Щ-ға тілің келмей ме?


Болсын маған достығың,
Щи не борщ алғызшы.
Қызметін қос Ш-ның
Атқарады жалғыз Щ-ы.



Ъ – (БЕЛГІ)
(түсіндірме)

Ъ –
кейбір сөздерде кездесер
Айыру белгісі.
Дауыссыз және дауысты
Дыбысты ажырату
Белгінің таңба ретінде,
Атқарар төл ісі.
Оның екінші атауы –
Жуандық белгісі.
Бұл белгіні,
Орыс тілінен енген:
«Адъютант, съезд,
Разъезд, подъезд»
сияқты сөздерден
Көріп жүр ғой,
Көзі қарқты бар кісі.



Ъ



«Ы» дегенің – ЫҚЫЛАС

Алтынсарин атаның:
«Кел, балалар, оқылық.
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!»
Деген сөзін мен бірде
Ықыласпен талдадым,
Жалғыз өзім отырып.

Содан бастап сабақты
Ықыласпен оқыдым.
Болу үшін сауатты,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқыдым.



Берді маған зор көмек
Өсиеті атамның.
Биіктерге өрмелеп,
Озат шәкірт атандым.



Болғың келсе табысты,
Түк өнбейді-ау мақтаннан.
Пайда екен-ау әр істі
Ықыласпен атқарған.

«І» дегенің – ІСЕК ПЕ?

- Еркек қойды екі жастан асқанда
Қалай атайды?
- Піштірілсе, ісек дейді.
- Дұрыс айттың,
Білгенді ешкім сөкпейді.
Көкешім, білгір екенсің.
Ендеше екеуміз
Қой атауларын
жасына қарай атап
Жарысайық.
- Жарыссақ, жарысайық.
- Ол үшін бәс тігіп,
Әуелі қол алысайық.
- Ал бәске не тігеміз?
- Бірімізді біріміз
Есек қылып мінеміз.
Сен жеңілсең – он адым,
Мен жеңілсем – он адым,
Бірімізді біріміз
Арқаласып жүреміз.
Келістік пе?
- Келістік.
- Мен бастайын,
Ал ендеше



Жеңіс күт!
 Қой атасы- шопан ата.
 Бір деп қой.
 -Оны білу міндет қой.
 -Қойдың төлін қозы дейді.
 -Білемін.
 -Саулықтар төлдегенде
 Шопандар көз ілмейді.
 -Білемін.
 -Саулықты ерте төлдетсе
 Одан туған қозыны:
 Көбеген, көбдік дейді.



-Мен білмейді екем.
 -Ал уызына жарыған қозыны
 не дейді?
 -Тілімнің ұшында...
 Ұмытып тұрмын.
 -Ұмытсаң, мәйекті қозы дейді-
 Ал арамза деген не?
 -Олай деп, -
 арам өлгенін айтар.
 -Жоқ, соқпа!


Атыңның басын осыдан қайтар,
 Білмесең отырып тыңда.
 -Мойындаймын,
 көп білмеймін шынында.
 -Есепсіз туса – арамза болады.
 Қозы қатары кеш туса да,

Көпей қозымен толады.
 Кенже туған қозыны
 Бөдене қозы дейді.
 Қазақ қыста тудырып,
 Алты айға жетпеген
 Кепе қозыны:
 «марқа, сырбаз,
 піскен қозы,- деп,
 Керек кезінде сойып жейді.
 Бағлан – енесін еміп,
 Семірген қозы.
 Жетім – телінген қозы.
 Арық – жұрын қозы.
 Алты айдан соң, қозымыз
 «Тоқты» аталады.
 -Оны енді білемін.
 Білмегендерімді,
 Бұдан былай біліп жүремін.
 -Тұсақтың не екенін білесің бе?
 -Ол жастан асқан ұрғашы ғой.
 Бойдақ – тартылған ірі қой.
 Кексе ірі саулық – шар қой.
 Төл телінген қой – төл қой.
 Құтпан – тандаулы киелі қой.

-Ой сен, бұл жағын
 Тәуір – ақ білесің ғой!
 -Е, білмей не болты?
 Қазақпыз ғой!-





Онан ары – құнан қой,
 Содан – дөнен қой.
 Аналығы – саулық,
 Аталығы – қошқар.
 Азбан – пішілген қошқар,
 Қортық – болымсыз қошқар.
 Дұрыс па?
 Белгі берсеңші,
 мені қоштар.
 Менің білетіндерім осы,
 Келді кезім енді тоқтар.
 -Дұрыс, көкешім білдің...
 -Е, неге сонша күлдің?
 -Жеңілгеніңе күлдім.
 Менің атағандарым,
 Кейінгілеріңсіз де көп!
 Ал сенікі, бар болғаны – 13.
 Өзің мойында,
 Тындырдым - ау көп іс.
 -Білемін.
 -Білсең, арқанды тос,
 Мінемін...



Ы – (БЕЛГІ) (түсіндірме)


Ы – жіңішкелік белгі.
 Дауыссыз бен
 дауысты дыбысты
 бөледі.
 Орыс тілінен енген:
 «Бандероль,
 Секретарь,
 Медаль,
 Ноль»,
 Сондай-ақ,
 «Фильм,
 Мультфильм,
 Семья,
 Почтальон,
 Сентябрь» сияқты
 тағы басқа сөздерде
 Міндетті түрде
 болып тұрады керегі.



«Э» дегенім – ЭПИГРАММА


Мүлт кеткен біреудін,
Білсең, эпиграмма –
Жараламай жүрегін,
Күлкі ететін шығарма.

Бос тақылдап таңдайың,
Тасқа тимей маңдайың,
Сөйлегенің мүлтіксіз
Жөн болады әрдайым.



Ал өйтпесең,
Шығарма
Жөн-жосықсыз туар ма?
Сені өзіне кейіпкер
Етер эпиграмма.


Солай эпиграмма
Мазақтайтын шығарма.
Мақтаменен бауыздап,
Азаптайтын шығарма.



«Ю» дегенім – ЮМОР

Әңгіме мен суреттің
Күлдіреді юморы.
Юмор көру, құрметтім –
Рахат сәт, біл мұны.

Қызықтан құр қалар кім,
Тыңдағанның бәрі мәз.
Юморға үйір ағамның
Көңілі шат, жаны жаз.






«Я» деген –
ЯСЛИ

Салып берген көкелер
Мынау тұрған жасыл үй –
Таңнан тұрып бөпелер
Баратұғын ясли.



Тәрбиеші ападан
Мұнда сабақ алады.
Апай сабақ атаған
Ойындарға қанады.

Ойын да - ұстаз не түрлі,
Одан тәлім алады.
Көгершіндер секілді
Сонсоң қанат қағады.







Не жетеді білгенге,
Көп нәрсені ұғады.
Бөпелерден
Бұл жерде
Сәби өсіп шығады.


Екінші бөлім


ОИ ЕІҢ
ЖАҢЫЛТМАШ

Жаттағандар жалықпас,
Сен де айтып көр
Жаңылтпаш.




Кептерді ешкім
Ойнамас деп ойламас.
Бапсыз кептер
Ондырып та ойнамас.
Бабы болса ойынымен,
Тудырады ойталас.






Кептер көкте қалықтайды.
Биіктен ол қорықпайды,
Жалтақтамай шарықтайды.
Тамақтан еш тарықпайды.
Ойнаудан бір жалықпайды.

Тарыны торғай сорды.
Сорған тары солды.
Солған тары сор болды.
Сор болғаны сол болды,
Сол тары, сабан болып,
Шаруаның болды соры.



Үйде кіші кісі бар.
Кіші кісінің
атамда бір ісі бар.
Ісі бар кіші кісі,
Байқаймын,
атамдай күшті кісі.
Кіші күшті,
менің күшті атаммен
Отырып,
қымыз ішті.






Қажет боп жидек,
Себетпен кеп ек.
Орманда қапты,
Жидектер сиреп.
Сиреген жидек
Сықита қоймас,
Түспеген соң,
Себетке түйдек.
Толтыру керек,
Үй деп – бүй деп.

Ноктасыз құлын –
Ұйтқыған құйын.
Құйын құлын –
Ол да бір жұрын*.
Құлын құйын болса,
Шешімі қиын,
Көп болар түйін:
Қымыз бен ет болмас,
Көлік орны толмас.



**Жұрын-тері немесе терісіне
ілінген мал санатындағы арық мал.*



Ерекше көрікті –
Елендеген елікті
Елдос көріпті.
Көрікті елік,
Өзіне беріп ерік,
Көркіне қоса көрік,
Болғандай
малмен серік,
Қойларға еріп,
Су ішкелі келіпті.


Алмамыз мынау,
Өсірген бақтан.
Бағымыз шүкір!
Алмаға батқан.
Алма бақтан
Бақ басынан
Алма сатқан
Табысты болды-
Пайдамыз батпан!
Жетістік осы,
Биылғы тапқан.





Кикар Қожан:
Қожандап,
Қоқиланып, қодандап.
Қодырандап, қоқандап,
Қодиланып, кіжіңдеп
Жүруден бір танбайды.
Қоқақтап,
Қыдындауын қоймаса,
Өзі түбі сорлайды.

Тауда
Шыңға
Жақындадым.
Шаршамадым.
Аршындадым.
Сәтті болды
Әр қадамым.
Білінген жоқ
Шаршағаным.
Жұттым әбден
Тау самалын.



Тоғайда тоқылдақ.
Тоқылдақ - тоқылдат!
Тоқылдатқыш тоқылдақ,
Құрт құрысын,
Тыншыма!
Солқылдата
Тоқылдат!



Лагерде-шат!
Болмашы жат.
Масайрашы!
Дос- құрбы тап.
Билеп, ән сап.
Домбыра тарт,
Жазғы сайран –
Рахат шақ.
Демінді алып,
Рахат тап.



Үшінші бөлім

ОН ТОРТ ЖҰМБАҚ

Зейін қойшы шындап,
Ой жібере тыңдап.
Шеше қойшы, қане,
Жасырайын жұмбақ:



Қабығы қалың қатты!
Пісіріп жесе, тәтті.
Шопағы да ем екен,
Кептіріп алса сәтті.
Ол не?




(Асқабақ)



Өзің жұлмасаң,
Желіде жатады.
Піскен кезде,
Иісі,
Мұрыныңды атады.
Ол не?

(Қауын)





Жылтыр қызыл,
Дәнді екен.
Жегенге де дәмді екен.
Сөлі дағы дәрумен,
Бұл қай мәуе
Болды екен?

(Қызанақ)




Су тисе ериді,
Біртіндеп кемиді.
Езсең көпіреді,
Кірді кетіреді.
Ол не?

(Сабын)



Гүілдейді,
Мүдірмейді.
Шаң – тозаңды,
Қылғытып,
Жүн – жұрқа мен
Қылды жейді.
Оны не дейді?




(Шаңсорғыш)




Жазу жазатын,
Сурет салатын,
Іздегенде,
Сөмкеңнен табатын.
Ол қандай көмекшің?


(Қарындаш)



«Өнімі оның тілінде» - деп,
Күтуге көңіл бөлетін.
Ауылдан күнде көретін.
Құнарлы «ақ» беретін.
Қос найзасы төбесінде,
Қай мал?




(Сиыр)



Ұзын сирақ,
Қимылы ширақ.
Ойынға тоймайды.
Секіруін қоймайды.
Қорқатыны,
Қатыгез бөрі.
Айтшы, бұл не?
Қай малдың төлі?




(Лақ-ешкі төлі)



Мекен – жайы- су.
Бұла өскен қу.
Жүзеді жылтындап,
Ұстатпас жылпылдап.
Ол не?


(Балық)



Уақытты белгілеп,
Нүктеге тура қоя сал.
Мезгілі келгенде,
Ұйқыдан сені оятар.
Сыртылдап бір тынбайтын,
Уақытты ғана тыңдайтын
Ол не?




(Қоңыраулы сағат)



Шабағы темір,
Резенке дөңгелек.
Ершігі бар,
Тұқырайған өзгерек.
Қос аяқпен тебе білсең
Зырыл қағар дөңгелеп.
Ол не?




(Велосипед)



Аспан түнеріп,
Бұлттар терін төгеді.
Сол тер-тамшылар,
Жеріме нәр береді.
Ол не?


(Жаңбыр)

Өмір үшін қажет бір,
Әркімде қос қамал бар.
Таза ұстайтын оларды
Бұлжымайтын амал бар.
Құралды алып екі рет
Таңертең, сонан жатарда,
Ысқылап күнде жуып ал.
Осы жайды ұғып ал.
Сонда, ол не құрал?
Ал қос қамал ше?-



(Тіс щеткасы мен тіс)

Теп-тегіс, жылтыр.
Бұрмаланбай көрінер
Шынайы келбет,
Айқын түр.



(Айна)



МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....3

Бірінші бөлім

ӘРІПТЕР

СӨЙЛЕСІН.....5

«А», «Ә» дегенім – Ана-Әке.....6

«Ә» дегенім – Әтеш.....8

«Б» дегенім – Бота.....10

«В» дегенім – Ваза.....13

«Г» дегенім – Гүл.....14

«Ғ» дегенім – Ғибадат.....15

«Д» дегенім – Доп.....16

«Е» дегенім – Есек.....18

«Ё» дегенім – Ёлка.....20

«Ж» дегенім – Жанбыр.....21

«З» дегенім – Зоопарк.....22

«И» дегенім – Инкубатор.....25

«Й» дегенім – Йод.....27

«К» дегенім – Кино.....28

«Қ» дегенім – Қамшы.....30

«Л» дегенім – Лақ.....32

«М» дегенім – Машина.....33

«Н» дегенім – Нағашы.....35

«Ң» әрпінің хикаясы.....36

«О» дегенім – Оймақ.....37

«Ө» дегенім – Өрт.....38

«П» дегенім – Пайда.....40

«Р» дегенім – Рентабельдік.....42

«С» дегенім – Саршұнақ.....44

«Т» дегенім – Түйе.....45

«У» дегенім – Уәде.....48

«Ұ» дегенім – Ұршық.....49

«Ү» дегенім – Үшем.....50

«Ф» дегенім – Фермер.....51

«Х» дегенім – Хат-хабар.....55

Һ – әрпі56

«Ц» – Цементтің текті ұнтақ.....57

«Ч» дегенім – Чемпион.....58

«Ш» дегенім – Шабдалы.....59

«Щ» дегенім – қос Ш ғой.....60

Ъ – (белгі).....61

«Ы» дегенім – Ықылас.....62

«І» дегенім – Ісек пе?.....63

Ь – (белгі)67

«Э» дегенім – Эпиграмма.....68

«Ю» дегенім – Юмор.....69

«Я» деген – Ясли.....70

Екінші бөлім

ОН ЕКІ ЖАҢЫЛТПАШ.....71

Үшінші бөлім

ОН ТӨРТ ЖҰМБАҚ.....78

Оқырманға тілек!

Су тиіп,
Кітап дымданбасын!
Жыртып, сызбай
Таза ұста!
Сатпақтанып,
Былғанбасын!

Кітап әрдайым,
Ақылшың болып қалсын!
Еш бүлінбесін!
Өздеріңе,
Рухани азық сыйлап,
Жүздерің әмісе күлімдесін!

Автор



Нұрмахан ТІЛЕГЕНОВ,
Элиұры ҚҰРМАНӘЛИЕВА
педагогика ғылымдарының кандидаты

ӘРІПТЕР СӨЙЛЕСІН

Редакторы
Суреттерін салған
Компьютерде беттеген
Мұқабаны көркемдеген
Корректор

Қазақбай Т.Ж.
Нұрмаханов З.М.
Холодов Т.А.
Холодов Т.А.
Әуелбекова Ұ.Т.

2012 жылдың маусымында басылды. Қалып пішімі 60х90 1/16.
Офсеттік басылым. 5,1 шартты баспа табақ. 5,5 баспа табақ.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 57

«Мер-Ас» компьютерлік жүйесінде беттелген.
Тапсырыс берушінің дайын өнімінен түптелді.





Нұрмахан Тілегенов – 1942 жылдың I қаңтарында дүниеге келіп, институтты ғылым – зоотехник мамандығы бойынша бітірген. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығын ұйымдастырушылығынан жоғары біліктілік алған.

Еңбек жолын ферма зоотехнигі болып бастап, бас бухгалтердің орынбасары, совхоздың бас экономисі қызметтерін атқарған. 1978 жылы совхоз партия комитетінің хатшылығына сайланған. Соған соң аудандық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, совхоз директоры болып қызмет істеген.

1993–2005 жылдарда Жамбыл облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының экономика мәселелері жөніндегі орынбасары болған.

Кәзір зейнеткер.

Мемлекеттік үш медальмен және ҚР ауыл шаруашылығы, қайта өңдеу ұйымдары кәсіподақтар одағы Орталық комитетінің I дәрежелі «ЕҢБЕК ДАНҚЫ» белгісімен марапатталған. 2001 жылы ҚР Тұңғыш Президентінің Алғыс қатын алған. Жамбыл ауданының ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ.

Жұбайы – Ұлбосын екеуі төрт ұл, бір қыз тәрбиелеп, олардан 16 немере көріп отыр.

Бұрындары «АСЫЛ АДАМ АЙНЫМАС», «БІТЕГЕНЕ УӘЖІМ БАР» кітаптары шықса, 2010 – жылы балалар үшін «ӘДІПТЕЛГЕН ӘЛІПБІ» кітабы жарық көрген.

Кітаптың суреттерін салып, кейбірін
Интернеттен алып өңдеген,
автордың тұңғыш немересі, Алматы
қаласындағы Т.Рысқұлов атындағы
қазақ экономикалық университетінің I –курс
білімгері – Нұрмаханов Заманбек Мұхтарұлы.